

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

**ТАҚЫРЫБЫ: «ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ
БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ»**

Дайындаған: Ергешбай М.
Тобы: 111-15
Қабылдаған: Бәймішова А.

Коучинг сессиясының тақырыбы:

*«Талантты және дарынды
балаларды оқыту»*

Коучинг сессиясының мақсаты:

- Дарынды және талантты балаларды анықтауда мінез-құлқы сипаттамасын білу және оны тәжірибелерінде қолдану.
- Ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тиімді пайдалану.



Оқу нәтижелері:



Оқушыларды білім жүйесімен ғана қаруландырып қоймай, олардың назарын, білгендерін, жадында сақтай білу қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін, білімге құштарлығын, өмірге көзқарасының дұрыс қалыптасуына, ықыласын, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын, шығармашылық қабілетін, басқа да қасиеттерін жетілдіруде дарынды және талантты балаларды мінез-құлқы сипаттамасы бойынша анықтай алады.

Ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тиімді қолдана алады.

Талант дегеніміз не?

Дарын дегеніміз не?

Талантты бала дегеніміз қандай бала?

Дарынды бала дегеніміз қандай бала?



Талант:

1. Табиғаттан берілген адамның қасиеттері. Туа біткен қабілеттілік.
2. Ауызша стильде қабілеттілік.
3. Ерекше қабілеті бар адам.
4. Ежелгі әлемдегі салмақты өлшеу бірлігі.
5. Ежелгі әлем елдерінде қолданылған ірі ақша бірлігі .

Дарын:

Белгілі бір жағдайдағы ең үздік мүмкіндік, қабілеттіліктің жоғары сатысы. Әдетте дарын белгілі ортада байқалады.

Дарынды бала – белгілі бір әрекетте жарқын, айқын, кейде өте жоғары жетістіктерімен (немесе осындай жетістікке ішкі қабілеті жететін) ерекшеленетін бала .



Талант (гр. *talanton* — бастапқыда салмақ, өлшем, кейіннен ауыспалы мағынада — қабілеттер деңгейі) — қабілеттердің ең алдымен, арнайы қабілеттердің дамуының биік деңгейі. Таланттың болуы туралы адам қарекетінің принципті жаңалығымен, бірегейлігімен ерекшеленуге тиіс нәтижелеріне қарап айтуға болады. Адамның таланты айқын қажетсінушілік пен шығармашылыққа бағыттталып, әрқашан белгілі бір қоғамдық талап-тілектерді бейнелейді. Осы себепті адамның талантының дамуында оның дүниетанымы, қоғамдық позициясы орасан зор рөл атқарады. Талант деп қандай да бір іс-әрекеттің, әсіресе табысты, дербес түрде шешілуіне жағдай жасайтын аса үздік қабілеттіліктердің ұштасуын атайды.

Дарындылық — адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі .

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- Көпшілікпен салыстырғанда өте жоғары білімді ерекше, оқуға құштар, шығармашылық мүмкіндігі мен көзге түсуі байқалады;
- Өте басым болып келетін белсенді де саналы талап көрінеді;
- Білімді терең игергеннен, ой еңгенінен қуаныш сезіледі;
- Өмірдің өзі мектептен талапкердің ылғи өзгеріске түсіп отыратын жағдайларда жол таба білуге, ашық, жайдары, тез тіл табысатын және құзыреттілікке дайын болуын талап етеді.





*«Қазақстан ұлы державада болуы үшін бізге күш қуат, қажыр
қайраты мол, ақылды да ойлы, дарынды жастар керек»*

Н.Ә.Назарбаев

Макэлпайн мен Рид дарынды және талантты оқушылардың мінез-құлықтарының пайдалы тізімін жасап ұсынды. Шындығында, бірде бір дарынды оқушы келтірілген сипаттамалардың барлығына ие бола бермейді: олар барлығына да ие болуы мүмкін немесе бір санаттағы барлық сипаттамаларға сәйкес болып, бірақ басқасында аздап «ақсауы» мүмкін.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: “...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.



Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.



Фриман (1998) бақылау парақтары мұғалімдерді шатастырып, дарынды, талантты балаларды анықтау барысында қате бағыт беретіні жайында зерттеулерден мысал келтіреді. Бірақ бақылау парағында зерттеулерге негізделген және ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тиімді қолдануға болады.

Олар төменде көрсетілген:

- Есте сақтау және білім;
- Өз білімін жетілдіру;
- Ойлау қабілетінің жылдамдығы;
- Мәселені шешу;
- Икемділік;
- Күрделілікке деген сүйіспеншілік;
- Шоғырлану;
- Ерте символдық белсенділік;



Қазіргі заман талабына сай білім беру- бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі белгілі.

Осы орайда оқушылардың танымдық қабілетін дамыту, білім сапасын арттырумен қатар, ақыл-ой шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін жеке пәндерді оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіру, қазіргі білім беру саласының алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

«Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті» деп көрсетілген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында. Сондықтан еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы-жас ұрпақты жаңа инновациялық әдістер рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдайы еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, атқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.